Бөлім:	Конституция негіздері		
Педагогтің аты-жөні:	Отар Әл Фараби Нұрмаханбетжанұлы		
Күні:	14.09.2026 (5A) 11.09.2026 (5L) 09.09.2026 (5C) 04.09.2026 (5K) 01.09.2026 (5E) 08.09.2026 (5H) 02.09.2026 (5B) 07.09.2026 (5D)		
Сынып: 5 A,B,C,D,E,H,K,L		Қатысушылар саны: ____	Қатыспағандар саны: ____
Сабақтың тақырыбы:	Конституция дегеніміз не?		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	. Конституцияның мемлекеттің негізгі заңы ретіндегі ерекшеліктерін түсіндіру.		
Ойлау дағдысы	Түсіну, қолдану		
Сабақтың мақсаты	Конституция ұғымын түсіндіреді; оның негізгі заң ретіндегі ерекшеліктерін анықтайды және түсіндіреді; Қазақстан Конституциялары туралы оқу материалындағы деректерді салыстырады; құқықтық жағдаяттарда қорғалатын құқықты анықтап, себебін түсіндіреді.		
Құндылықтар	Адам және оның құқықтарын құрметтеу; бірлік, татулық және өзара құрмет; заң мен тәртіпке ортақ жауапкершілік.		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі / уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, қызығушылықты ояту **5 минут**	1. Сәлемдесіп, сыныпты сабаққа ұйымдастырады. 2. Конституция кітабының бейнесін көрсетіп, жетелеуші сұрақтар қояды: • «Конституция» деген сөзді қалай түсінесіңдер? • Заң адамға не үшін қажет? 3. Сабақ тақырыбы мен мақсатын таныстырады. Оқу материалындағы анықтаманы қысқаша түсіндіреді.	Сұрақтарға өз ойымен жауап береді. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын дәптерге жазады. Конституцияның мемлекеттің негізгі заңы екенін айтады.	ҚБ: ауызша мадақтау, нақтылау сұрақтары. Дұрыс жауаптар бойынша қысқа кері байланыс.	Оқу материалы, 1-сурет Конституция бейнесі
Жаңа білім **8 минут**	Оқу материалындағы «Мемлекеттің негізгі заңы ретіндегі негізгі ерекшеліктері» бөлімімен жұмыс жүргізеді. **Конституцияның 5 ерекшелігін түсіндіреді:** • ең жоғарғы заң; • негізгі ережелерді белгілейді; • тұрақтылыққа ие; • барлық адамға бірдей; • тікелей қолданылады.	Материалды оқиды, негізгі ұғымдарды белгілейді. Әр ерекшелікке қысқа түсіндірме береді.	ҚБ: «Бас бармақ» арқылы түсіну деңгейін тексеру. Мұғалім жауаптарды толықтырады.	Оқу материалы, 1-сурет
1-тапсырма. Жеке жұмыс **5 минут**	**Жұмыс парағындағы 1-тапсырманы орындатады:** 1. Конституция дегеніміз не? 2. Конституция неліктен мемлекеттің негізгі заңы деп аталады? 3. Конституцияда нелер жазылған?	Сұрақтарға толық сөйлеммен жазбаша жауап береді. Жауаптарын оқу материалымен тексереді.	**Дескриптор:** • Конституцияға анықтама береді; • оның негізгі заң деп аталуын түсіндіреді; • құқықтар, міндеттер, мемлекеттік құрылым мен билік жұмысы туралы ережелер жазылатынын атайды.	Жұмыс парағы, 2-сурет Оқу материалы
2-тапсырма. Жұптық жұмыс **7 минут**	**Конституцияның негізгі заң ретіндегі ерекшеліктерін кестеге түсіндіруді ұсынады:** 1. Ең жоғарғы заң. 2. Барлық адамға бірдей.	Жұппен талқылап, әр ерекшеліктің түсіндірмесін кестеге жазады.	**Дескриптор:** • әр ерекшеліктің мағынасын дұрыс түсіндіреді;	Жұмыс парағы, 2-сурет Оқу материал

	3. Тұрақты және маңызды. 4. Мемлекетті басқару негізін анықтайды. 5. Құқықтар мен бостандықтарды қорғайды.	Бір-бірінің жауабын материалмен салыстырады.	• кемінде 4 ерекшелікті оқу материалымен сәйкестендіреді.	ының 2-бөлімі
3-тапсырма. Жеке жұмыс **7 минут**	**Қазақстан Республикасы Конституциясының тарихы бойынша жұмыс парағындағы бос орындарды оқу материалындағы салыстыру кестесі арқылы толтыруды тапсырады.** Назар аударатын деректер: 1993, 1995 және 2026 жылғы Конституциялардың құрылымы мен бап саны.	Оқу материалындағы салыстыру кестесін қолданады. 1993, 1995, 2026 жылдарға қатысты құрылым/бап санын жұмыс парағына жазады.	**Дескриптор:** • 1993 ж.: 4 бөлім, 21 тарау; 131 бап; • 1995 ж.: 9 бөлім; 98 бап; • 2026 ж.: 11 бөлім; 96 бап деректерін материалдан табады және дұрыс жазады.	Оқу материалының салыстыру кестесі Жұмыс парағы
4-тапсырма. Жұптық жұмыс **8 минут**	**Жұмыс парағындағы жағдаяттарды талдатады. Әр жағдайда Конституцияның қай ережесі/құқығы қорғайтынын және неге екенін жазуды сұрайды.** 1. Баланың мектепте білім алуға құқығы бар. 2. Адамның пікірін еркін айту құқығы бар. 3. Адамның жеке өміріне қол сұғуға болмайды. 4. Әркімнің заң алдындағы теңдігі қамтамасыз етіледі.	Жағдаяттарды жұппен талдайды. Қорғайтын құқықты атайды және 1 сөйлеммен себебін түсіндіреді.	**Дескриптор:** • білім алу құқығын анықтайды; • ой-пікір еркіндігін анықтайды; • жеке өмірге қол сұғылмаушылықты анықтайды; • заң алдында теңдік қағидасын анықтайды; • әр жауаптың себебін түсіндіреді.	Жұмыс парағы, 4-тапсырма
Бекіту **5 минут**	**Сабақты қорытындылау сұрақтарын қояды:** • Конституцияны неліктен «барлығымызға ортақ ережелер жинағы» деп айтуға болады? • Конституция адам өміріне не үшін қажет? • Бүгінгі сабақтан Конституция туралы қандай 3 маңызды ой алдың?	Сұрақтарға жауап береді. «Конституция қажет, өйткені ...» сөйлемін аяқтап, қысқа қорытынды жасайды.	ҚБ: жауапты «дұрыс/толықтыру керек» қағидасымен тексеру. Сабақ мақсатына жету деңгейін дескрипторлар арқылы қорытындылау.	Оқу материалының 6-бөлімі
Үй тапсырмасы	Оқу материалындағы Конституцияның 5 негізгі ерекшелігін қайталау. Жұмыс парағындағы аяқталмаған тапсырмаларды толықтыру.	Тапсырманы күнделікке белгілейді.	—	Оқу материалы Жұмыс парағы